



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Характерными особенностями научно-технического стиля являются его содержательность, строгая последовательность, точность, ясность и понятность. При переводе с китайского на русский текста технического стиля, переводчик должен точно передать мысль автора, облекая ее в форму, которая присуща русскому техническому стилю. Основной стилистической чертой технического текста является четкое и точное изложение материала, главный упор делается не на эмоционально-чувственной стороне излагаемого, а на логической стороне излагаемого.

Было выявлено, что при научно-техническом переводе главной трудностью является адекватное воссоздание оригинала и перевод терминов с китайского языка на русский, особенно вновь появившихся специальных терминов, которых еще нет в словаре. Основой научно-технического перевода является достоверная передача узкоспециализированных терминов. В таком случае от переводчика требуется полное понимание смысла текста. Если учитывать многозначность китайской научно-технической терминологии, то переводчику с гуманитарным образованием будет сложно подобрать правильный вариант перевода. Например, такое слово как «垫板» в технической речи имеет следующие значения: подошва выработки; подкладка; подпорка; дощатый настил; анкерная плита; накладка для усиления сечения на концах сжатого элемента; приправка. Предположить точный перевод невозможно. А если за перевод возьмется опытный инженер, то суть он поймет, но проблемой будет плохое знание как русского языка, так и иностранного. Техническая документация на оборудование может иметь большой объем, который может исчисляться сотнями страниц, и срок на перевод ограниченный. Чаще всего используется группа переводчиков, чтобы ускорить процесс работы над крупным переводом. Результатом может стать разброс в стилистике и терминологии переведенного текста. К примеру, слово «垫板» один переводчик переведет как «для усиления сечения на концах сжатого элемента», второй – «подпорка», третий – «анкерная плита», и т.д. У читателя может появиться впечатление, что речь о разных деталях и понятиях. Бюро переводов нанимает редактора для стандартизации стиля и терминологии.

Часто возникают трудности при переводе наименований самой продукции. Возьмем пример из отчета о проверке. Наименование образца: 双向拉伸聚丙烯薄膜 (двухосно ориентированная полипропиленовая пленка). Сразу перевести такое название, даже для опытного переводчика, очень сложно. Для начала рекомендуется ознакомиться с остальной частью текста, постараться найти в интернете информацию о данной продукции.

В настоящее время в нашей стране не так много профессиональных переводчиков научно-технической документации. Это связано с незнанием отраслевой терминологии и нехваткой хорошего технического образования. Тем не менее, постоянно растет интерес к данной сфере профессиональной деятельности и в будущем это даст положительные результаты.

Список использованных источников

1. Мирам Г.Э. Профессия: Переводчик. Издательство "Ника-Центр", 1999. –160 С.
2. Комиссаров, В.Н. Теория перевода/ В.Н. Комиссаров. - М.: Высшая школа, 1990. – 253 С.
3. Кочергин И.В. Основы научно-технического перевода с китайского языка на русский, - М.: - Изд-во Восточная книга, 2012. — 621 С.

7.7. «ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПЕРЕВОДА»

ӨОЖ 811.512.122'373:811.111'373

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДІК БЕЙНЕЛЕРІНДЕГІ «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІ

Тілдегі концепт мәселесі А.А.Уфимцева, Ю.М.Караулов, В.Н.Телия, Е.С.Кубрякова т.б. ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды. Қазіргі лингвистикада концепт үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер (С. А. Аскольдов, Д. С. Лихачев, В. В. Колесов, В. Н. Телия) концептіні сөздің коннотативті элементтерімен қоса алғандағы барлық мағыналық әлеуеті, концепт сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды.

Концептінің мәнін когнитивті тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер (З. Д. Попова, И. А. Стернин сондай-ақ, «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінің авторлары Е. С. Кубрякова, В. З. Демьянков, Ю. Г. Панкрац, Л. Г. Лузиной) концептіні менталды ойлаудың бірлігі ретінде қарастырады. З. Д. Попова, И. А. Стернин концептіні «ауқымды ойлаудың бірлігі» («как глобальную мыслительную единицу, представляющую собой «квант структурированного знания») ретінде қарастыра келіп, концептінің тілдегі фразеологизмдерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге, мәтіндерге, мәтіндер байланыстылығына талдау арқылы жан-жақты ашылып түсіндірілетінін жазады. Концептіні когнитивтік бағытта зерттеуші өзге де ғалымдар – Дж. Лакофф, А. Вежбицкая, Ю. С. Степанов концепт мазмұнына түсіндірілетін зат-құбылыстың негізгі ұғымдық белгілерін енгізеді, яғни концептіні ұғыммен қатар қояды.

Үшінші бағытты ұстанушылар концептінің мәдениеттанымдық аспектісіне ерекше мән береді. Олардың пікірінше, тұтас мәдениет концептілердің жиынтығы, олардың, өзара қарым-қатынасы арқылы анықталады. Концепт олардың анықтауынша, адамның менталды ойлау дүниесіндегі «мәдениеттің негізгі ұясы» ретінде түсіндіріледі. Концептіні лингвомәдениеттанымдық аспектіде зерттеушілердің (Н. Д. Арутюнова, В. В. Колесов, З. Д. Попова, И. А. Стернин, Ю. С. Степанов, В. Н. Телия, Л. О. Чернейко т.б.) пайымдауынша, концепт барынша кең ұғым. Оның мазмұнына ұғымдық белгілерден де басқа осы зат-құбылысқа қатысты барлық мәдени-аялық ақпарат енеді [1, 55].

Концепт сөз мағынасынан емес, сөздің сөздікте берілген мағынасы мен адамның өзіндік (жеке) және халықтық тәжірибелері негізінде қалыптасқан мағыналардың тоғысуынан туған мағыналар нәтижесі болып табылады. Сөз, мағына, концептінің өзара қатынастылығын қарастыра отырып, біз адамды ол қатардан шығарып тастай алмаймыз. Бұл жерде де басты нысан – адам, адамның тәжірибесі, танымы, тілдік қабілеті. Концептінің әлеуеті неғұрлым кең және бай болуы үшін адамның мәдени тәжірибесі де кең әрі бай болуы қажет.

Д. С. Лихачев әрбір адамның өзіндік дара (жеке) мәдени тәжірибесі, дағдысы мен білім қоры оның концепт байлығын немесе жұтаңдығын айқындайтын болады деп көрсетеді. Концепт, біріншіден, жалпы адамзаттың, осы тілде сөйлеуші жеке адамның мәдени тәжірибесіне, білім қоры мен дағдысына байланысты; екіншіден, концепт көрінетін нақты контекстке тәуелді. Концептінің кейбір мүмкіндіктерін, адресат арқылы қабылдануын контекст белгілі бір жағдайда шектеуі де мүмкін. Сонда концепт арқылы берілетін менталды таным кейде тілдің шеңберінен де шығып кетеді. Бұл жерде контекстің тасасындағы «тілден тыс мағына» іске қосылады. Концептосфера жасауда жазушылар (ақындар), фольклор жеткізушілер, жеке кәсіп иелері мен діни сословие өкілдері басты рөл атқарады деген пікірлер де бар. Тілдің байлығы «сөздік қордың» көлемімен ғана емес, концептуалдық әлемнің, концептуалдық аяның байлығымен де өлшенеді. Неліктен қазақ тілінде көп сөздер термин жасауға, жаңа сөз жасауға бейім емес. Біздің ойымызша, оның себебі ол сөздердің семантикасында құлыпталған таным аясы өте кең, салмағы ауыр да күрделі [1, 53].

В.Н. Телия бойынша, концепт – адам ойының мінсіз өнімі болып табылады, сол себепті ол тек тілдік құбылыс ғана емес, сонымен қатар адамның санасына да қатысты. Ойлау процесі фреймдер, пландар, сценарийлер, модельдер сияқты құрылымдарды басқарудан тұрады. Яғни біз концептілік, фреймдік, сценарийлік деңгейде ойланамыз. Концепт белгілі бір этномәдениет иелерін сипаттайды. Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия бойынша, концепт – бұл мәдениетпен тығыз байланысты ұғым. В.И. Карасиктің айтуы бойынша, концепт – лексикалық мағынаға қарағанда кеңірек ұғым [2, 46].

Әр халық әлемді түрлі факторлардың, атап айтқанда, табиғи, әлеуметтік, мәдени, этнопсихологиялық (мысалға, стереотиптік түсініктер) әсерінен түрліше қабылдайды немесе көреді. Әр түрлі тілде сөйлейтін адамдардың әлемді (кеңістікті, уақытты, қасиеттерді, қатынастарды) концептуализациялауы, топтастыруы, құрылымдауы түрліше болады.

Концептілер прагматикалық бағытталған және әлемнің тілдік бейнесінің орталығы, яғни өзегі болып табылады. Ю.С. Степанов бойынша, концептілер – ұлттық-мәдени мағыналардың ұйытқысы, яғни мәдениеттің ұяшықтары болып табылады. Оларды зерттеу халықтың әлемді қабылдау ерекшелігін анықтап, әлемнің тілдік және концептуалдық бейнелерін тануға мүмкіндік береді [2, 80].

Қандай болмасын тілдің басты және негізгі концептілеріне адамның биологиялық болсын, рухани не психологиялық әлемінің орталығын білдіретін «жүрек» концептісі жатады. «Жүрек» концептісі әлемнің тілдік бейнесінде адам табиғатының дуалистік ерекшелігін көрсетеді. Дәл осы концептіден тілдің антропоморфизмдік қасиетін көруге болады.

Қазіргі қазақ, ағылшын тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде “heart” сөзі организмге қан жүргізуші басты орган ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар ауыспалы мағыналары ретінде: дененің орталық бөлігі, белгілі бір объектінің не кеңістіктің ең жақсы бөлігі, эмоциялар мен сезімдер сақталатын орын (эмоционалдық жағдайды жүректің физиологиялық нышандарымен метонимиялық ауыстырудың нәтижесінде көрінеді), кісінің жан дүниесі, рухани сезімі және т.б.

Жүректің маңыздылығы оны адамның рухани өмірінің орталығы етіп, сезімдер, көңіл күйлер, ойлар, ерік, діни сенімдердің сақталатын орнына айналдырды. Екі тілдің де әлемдік бейнесінде «жүрек», ең алдымен, сезімдер мен эмоциялардың символы немесе олардың қайнар көзі болып табылады. Негізгі эмоцияларға «қуаныш», «қорқыныш», «ашу-ыза», «қайғы», «күйініш» жатады.

Қорқыныш мағынасындағы семантикалық топқа келер болсақ, қазақ тіліндегі «жүрегі аузына келу (я тығылу)» ағылшын тіліндегі «one's heart leaped into one's mouth (немесе throat)» (сөзбе-сөз: жүрегі аузына ырғып (қарғып) түсу) эквивалентіне сәйкес келеді. Бұл мысалдан ағылшын тілінде қорқыныш, жүрексіну сезімі «қарғып түсу, секіріп түсу» сөздерімен күшейтіліп тұрғанын көреміз. Байқағанымыздай, екі тілде де қорқыныш қозғаушы күш ретінде көрініп, жүректі орнынан қозғайды.

Жүрек концептіндегі қайғы мен күйінушілікті қазақ тілінде «жүрегі қарс айырылды», яғни қайғыдан қатты күйінді, өзегі өртенді, күрсінді деп жеткізеді. Ал ағылшын тілінде де осыған сәйкес қайғы жүректі күйретеді, бұзады, тас талқанын шығарады: «heartbreak» – үлкен қайғы (сөзбе-сөз: жүректің қарс айырылуы). Біз бұл жерден екі тілде де қайғының жүрекке бірдей әсер ететіндігін байқаймыз, яғни оны күйретіп, жүрегін қарсы айырып, тіпті оны өлімге душар ететіндей күші бар.

Жүректегі қуаныш қазақ тілдік бейнесінде «жүрегі жарылды», «жүрегі лүп етті (ете түсті)» тіркестерімен беріледі. Яғни қазақ тілдік бейнесінде жүрек қайғыдан ғана емес, сонымен бірге қуаныштан да жарыла алады, яғни екі қарама-қарсы сезім де жүрекке қандай да бір әсер етеді: не оның сырт пішінін өзгертеді, не қызметіне ықпалын тигізеді. Ал ағылшын тілінде қуаныш сезімі жүрекке «жағымдырақ» әсер етеді: «with a light heart» – жеңіл жүрекпен, яғни қуаныштың әсерінен жүрек бар қорқыныш пен үрейден айырылып, өзін жеңіл сезінеді.

Қазақ тілдік бейнесінде жүрек тынышсызданып, үрейленгенде «жүрекке ас батпады», «жүректі дерт алды», «жүрегі май ішкендей кілкілдеді», яғни тынышсызданды,

сабырсызданды, көңілі күпты болды деген мағынада қолданылады. Ал ағылшын тілдік бейнесінде: «devour one's heart (eat one's heart out немесе eat out one's heart)» – үндемей қиналу, азап шегу, өз-өзін титықтау, қурау, уайымнан сарғаю (сөзбе-сөз: жүрегін жеу). Көріп отырғанымыздай, уайым мен үрейдің жүрекке әсері қайғының әсеріндей қатты немесе қиратушы емес, дей тұрғанмен, ол жүректі жүректі дертке шалдықтырады, кілкілдетеді не азаптап, кеміріп жейді [3].

Жүрек концептісіндегі тыныштану, жайлану, жеңілдену мағыналары қазақ тілінде: «жүрегi (көңiлi) орнына түсті (орнықты)», «жаны жай тапты», «жүрек тоқтатты» яғни көңілі жайланды, жүрегi жай тапты, сабасына келді, қорқынышы не қуанышы басылып өз-өзіне келді, толқыған көңілі басылды тіркестерімен беріледі. Қуаныш, қайғы, үрей не тынышсыздық жүрекке қандай да болмасын әсер етіп, оны орнынан қозғап мазасын алса, бұл сезімдердің болмауы, яғни тыныштық жағдайы жүректі толықтай жайландырып, оған жан тыныштығын сыйлайды. Бұл жерде жүрек пен жанның тығыз байланысын көре аламыз, яғни жаның жай тапқанда, жүрек те саябырлайды. Ағылшын тілінде де тыныштану сезімі жүрекке солай әсер етеді: set one's heart at rest – жайлану, уайымдауды, мазасыздануды қою (сөзбе-сөз: жүректі демалысқа (тынығуға) жайғастыру (орналастыру)).

Рақымдылық, қайырымдылық, аяушылық мағыналары жүрек концептінде: «жүрегi елжіреді», «жүрегi еріді (жылыды, жібіді)», яғни жаны ашыды, көңілі түсті, аяды, мейірленді тіркестерінен көрінеді. Бұл жерден жүректің өзгенің қайғысын, қасіретін, қиыншылығын көріп тұрақты, қайсар қалпынан аяушылық танытып мұз тәрізді еріп сала бергендігін елестетеміз. Ағылшын тілдік бейнесінде «жүрек» концептісінің мұндай мағынасы анықталмады.

Жүректегі сезім қазақ тілінің «жүрек (көңіл, сезім) қылын шертті», яғни сезіміне әсер етті, көңілін аулады тіркесі арқылы беріледі. Ағылшын тілінде де бұл мағына қазақ тіліндегідей, дәлме-дәл беріледі, яғни ағылшын тілдік бейнесінде де сезім жүректің қылын шертеді: «heart strings» - терең сезім (сөзбе-сөз: жүректің ішегі (қылы)). Өзінің ішіндегісін айту арқылы сезімдерін жайып салу: «open (uncover) one's heart to smb (немесе pour out one's heart to smb)», «bare one's heart» – сырын ашу, шер тарқату (сөзбе-сөз: біреуге жүрегін ашу, төгу, жалаңаштау).

Махаббат мәніндегі «жүрек» концептісі қазақ тілінде «жүрегi жанды», «жүрегіне өрт түсті», яғни ғашықтықтан іші елжірей өртенді, ғашықтық жалыны жанды тіркестері арқылы беріледі. Бұл жерде біз метафоралық қолданысты, махаббат, ғашықтық сезімін жалындаған отқа теңестіріліп отырғандығын көреміз. Яғни қазақ дүниетанымында махаббат сезімі жүректі өртеп, оған өшпес із қалдырады. Ал ағылшын тіліндегі махаббатқа қатысты тұрақты тіркестер: steal smb's heart – біреудің жүрегін жаулап алу (сөзбе-сөз: біреудің жүрегін ұрлап алу), lose one's heart to smb – ғашық болып қалу, өз жүрегін біреуге беру (сөзбе-сөз: өз жүрегін біреуге ұттырып алу, өз жүрегін жоғалтып алу).

«Жүрек» концептісіндегі үміт қазақ тілінің әлемдік бейнесінде маздап жанып тұрған отпен теңестіріледі: «жүректегі үміт оты сөнбесін», «жүректе үміт отын тұтату», сонымен қоса, «жүрекке үміт ұялату», «жүректегі үміт құсы» тіркестері арқылы үміт құспен теңестіріліп тұрғандығын байқаймыз. Ағылшын тілінің әлемдік бейнесінде үміт жүректің тірегі, қолдаушысы ретінде көрініс табады: If it were not for hope, the heart would break – Үміт болмағанда жүрек қарс айырылушы (жарылушы) еді.

«Жүрек» концептісіндегі батылдық, күштілік, ерлік, шабыттылық және жігер «ержүрек», «жүрегiнің түгі бар», «жүрек жұтқан», яғни ер батыр, батыл кісі, ешнәрседен таймайтын, қорықпайтын, қаймықпай, ойындағысын бетіне батыл айтатын азамат сөз және сөз тіркестерімен беріледі. Яғни жүрек тек сезімдер мен эмоцияларды ғана емес, сонымен қатар күш-жігерді де білдіреді, оның қайнар көзі болып табылады. Ағылшын тілінің әлемдік бейнесінде де жүрек адамға күш-қуат, батылдық пен табандылық береді: hearten – жігерлендіру, қайраттандыру, рухтандыру (сөзбе-сөз: жүректендіру); give heart to smb (put heart into smb) – жігерлендіру, біреуге рухани тұрғыдан қолдау көрсету (сөзбе-сөз: біреуге жүрек беру). Сонымен қатар ағылшын тілінде «keep up your heart» - еңсенді түсірме, өз-өзіңе

мықты бол мағынасындағы тұрақты тіркес те қолданылады, яғни жүректі бұл жерде күшпен, жігермен теңестіріп тұр.

«Жүрек» концептісі сонымен бірге адамның жады мен есте сақтау қабілетінде де көрініс табады. Мәселен, ағылшын тілдік бейнесінде белгілі бір мәтінді жаттау жүректің ат салысуын қажет етеді: learn by heart – жаттау, жатқа айту (сөзбе-сөз: жүрекпен үйрену, оқу). Демек, есте қалу дегеніміз адамдардың жүректерінде сақталып қалу деген сөз: be enthroned in the heart – жүректен орын алу (сөзбе-сөз: жүрек тағына көтеру (отырғызу)). Алайда, қазақ тілінің әлемдік бейнесінде есте сақтау жүрекке қарағанда көңілмен байланыстырылады: «көңілге түю (тоқу)». Қазақ тілінің әлемдік бейнесінде жүректе сақталғандардың барлығы адамның ақпаратты сақтаудың ментальдық қабілетінен гөрі, сезімдермен, эмоциялармен және рухани өмірімен байланыстырылады[4],[5].

Зерттелген материал «жүрек» концептісінің эмоционалдық аспектілерінің әркелкілігін білдіреді. Берілген концепт барлық дерлік эмоционалдық күйлер мен жағдайларда қолданылады деуге болады. Екі тілде де «жүрек» эмоциялар мен сезімдердің нышаны және сақталатын орны болып табылады. Эмоциялар мен сезімдер жүйесі «жүректе» өздерінің көріністерін тауып қана қоймай, сонымен қатар қалыптасады да.

Екі тілде де эмоциялар мен сезімдер жүректің пішініне әсерін тигізеді. Жағымсыз эмоциялар оны сезім мен эмоцияның түріне, күштілігіне қарай әр түрлі дәрежеде деформацияға ұшыратады. Ал жағымды эмоциялар болса көп жағдайда жүректі қалпына келтіріп, сәйкесінше жағымды әсер етеді. Мінсіз, ешбір кемшіліксіз жүрек – бұл толық, сызат түспеген жүрек. Әрбір тіл жүректі өзіндік бір бөлшектерге бөледі. Ағылшын және қазақ тілдерінде мына бөлшектер сәйкес келеді: жүректің қылы-heartstrings, жүректің түбі-bottom of the heart. Сезімдер қаншалықты терең, әсерлі, әрі жүректің орталығына жақынырақ болса, соншалықты сырға толы, тылсым және күштірек болады.

«Жүрек» концептісін семаникалық топтарға бөліп талдау оның «қорқыныш», «қайғы, күйініш», «қуаныш», «үрей», «жеңілденушілік, тыныштанушылық», «рақымдылық, аяушылық», «сезім», «махаббат», «үміт», «батылдық, жігер», «ес» сияқты концептілермен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Талданып отырған концептінің этикалық қызметін де байқауға болады. «Жүрек» концептісінің екі тілдің әлемдік бейнелерінде де адамды жағымды жағынан да жағымсыз жағынан да сипаттайды. Жүрек, сонымен қоса, күш пен жігердің қайнар көзі болып табылады, жүрегі «үлкен» адам батыл болып келеді.

Айтылғандардан қайсыбір этностың әлемді өзіндік, айырықша мәдени ерекшеліктері арқылы көретіндігін байқауға болады. Сол мәдени, ұлттық ерекшеліктер халықтың тілінде көрініс табады. Ақиқат әлемнің бірдей объектілері әр тілде өздігінше, бір-бірінен бөлек, айырықша қасиеттерге ие болады. Әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар бір концептіні өз дүниетанымына сәйкес әлемнің тілдік бейнесі арқылы қабылдап, сол концепт туралы түрлі түсінік қалыптастырады.

Қолданылған әдебиет

1. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. – Алматы.:2011, 312 б.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: ТетраСистемс, 2008, 272 с.
3. Цримова, З.Р. Концепт «сердце» в языковой картине мира: Автореф. дис. канд. филол. наук / З.Р.Цримова. Нальчик, 2003,жады 21с.
4. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007, 800 б.
5. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. – М.:1984, 944 с.

УДК 81'253

СПОСОБЫ ПЕРЕВОДА ЦВЕТООБОЗНАЧЕНИЙ С РУССКОГО ЯЗЫКА НА ТАТАРСКИЙ (НА ПРИМЕРЕ ПЕРЕВОДОВ ПРОИЗВЕДЕНИЙ К. ПАУСТОВСКОГО)

Айметдинова Гульназ Фиркатовна